



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№21 (1847)  
2 шілде  
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ • www.kaznu.kz • facebook.com/KazakhNationalUniversity • vk.com/kazuniversity • instagram.com/KAZNU\_FARABI

## Министр ғылымды дамыту мәселелеріне тоқталды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы келді. Министр білім ордасында атқарылған жұмыстармен және алдағы даму жоспарымен танысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев министрге ағымдағы оқу жылы жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарынан мағлұмат берді. Сонымен қатар оқу орнының Стратегиялық даму жоспарында айқын-

далған міндеттерге тоқталды.

Жұмыс сапары кезінде министр оқу ғимараттарында болып, жаңарған оқу аудиториялары мен зертханалардың жай-күйімен танысты.

Бұдан кейін министр Әл-

Фараби кітапханасында ұйымдастырылған ҚазҰУ-дың ғылыми жетістіктері көрмесін тамашалады.

Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев министрге ҚазҰУ құрылысының II кезеңі жайлы баяндап, жатақхана, оқу корпусы мен қызметтік тұрғын үйлер жобасын көрсетті.

Министр оқытушы-профессорлар құрамымен ғылымды дамыту мәселелерін талқылады.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Жокьякарт мемлекеттік университетінен академиялық мәселелер жөніндегі проректор, профессор М. Хам. Маргана бастаған өкілдік делегация келді.

## Индонезиялықтармен тәжірибе алмасу жалғасады



Индонезиялық меймандар қатарында аталған жоғары оқу орнының жоспарлау және ынтымақтастық жөніндегі проректоры, доктор Сисвандойо, Әлемдік деңгейдегі университет кафедрасының меңгерушісі Мухаммад Брури Трийо, ғалымдар Нуник Сугести, Исти Юнита және академиялық мәселелер жөніндегі топ жетекшісі Амрих Бакти Утама сынды білікті мамандар бар.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қонақтарды университет жұмысымен таныстырып, ҚазҰУ жетістіктері мен алдағы мақсаттарға тоқталды.

«ҚазҰУ-дың шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми-білім беру қарым-қатынасының бай тәжірибесі бар. Бүгінгі күні жетекші жоғары оқу орындарымен, институттармен ынтымақтастық туралы 500-ден астам

халықаралық келісімге қол қойылды. Сол келісімдердің аясында түрлі білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар жұмыс істеп жатыр, оның ішінде Индонезияның жоғары оқу орындарымен сәтті іске асырылуда. Тәжірибе алмасу мақсатында біздің студенттер, оқытушылар, магистранттар, докторанттар индонезиялық әріптестермен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуде. Бұл жұмыстар алдағы уақытта жаңа бағытта нәтижелі жалғаса беретін болады», – деді ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Профессор М. Хам. Маргана өз кезегінде университет басшылығына жылы қабылдағаны үшін алғыс айтып, Жокьякарт мемлекеттік университеті ректорының сәлемін жеткізді.

Кездесу соңында тараптар өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

**Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ**

## ҚазҰУ-да ҚР сыртқы саясаты және дипломатиясы орталығы ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасының Дипломатиялық қызмет күні мерекесі аясында «Жаңа геосаяси жағдайдағы Қазақстан дипломатиясы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, дипломатия саласының

ардагерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР ҰҒА академиктері, ғалымдар мен университеттің оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Жиында сөз алған Сыртқы істер министрі

Мұхтар Тілеуберді шараға қатысушыларды айтулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

«Біз өңірлік және жаһандық процестерге белсенді қатысатын орнықты әрі беделді мемлекетке айналдық. Қазақстан өз егемендігін алған күннен бастап шекарасын бекемдеп, шет мемлекеттермен байланыс орнатты. Бүгінгі таңда Қазақстан әлемнің 186 елімен дипломатиялық қарым-қатынаста. Орталық Азия

елдерімен диалог жандана түсті. Қазақстан Еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық үдерістердің локомотиві болып, көптеген халықаралық ұйымдарда төрағалық етті. Осы тұрғыда дипломаттарды даярлауда Қазақ ұлттық университетінің қосқан үлесі зор. Баршаңызды Қазақстан дипломатиясының мерейтойымен құттықтаймын!» – деді Мұхтар Бескеноұлы.

*Жалғасы 2-бетте*



Гүлнар КЕНДІРБАЙ:

**Шетелден оқытушылар тарту – тамаша дәстүр**

3 >>



Мұхтарбай ӨТЕЛБАЕВ:

**ҚазҰУ – математика ғылымының ордасы**

4 >>



**Жасанды жерсерігін жасауға бейімдеуді**

5 >>



# ҚазҰУ-да ҚР сыртқы саясаты және дипломатиясы орталығы ашылды



Соңы. Басы 1-бетте

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Қазақстан 30 жыл ішінде экономикасы тұрақты, халықаралық аренада беделі жоғары мемлекетке айналғанын айтты.

«Қазақ дипломатиясының берік іргетасын Керей мен Жәнібек хандар қалады. Тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстан халықаралық аренада өзінің дербес сыртқы саяси бағыты мен ұстанымын қалыптастыра бастағаны баршаға мәлім. Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан өзге елдермен тұрақты қарым-қатынас орната бастады. 30 жыл ішінде біздің еліміз өзін бейбітшілік пен келісімнің жақтаушысы ретінде көрсете білді», – деді Жансейіт Түймебаев. Дөңгелек үстел барысында дипломатия саласының ардагерлері Әділ Ахметов пен Тілеухан Қабдрахманов баяндама жасады. Сондай-ақ шара аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық



университетінде ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді мен жоғары оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және дипломатиясы» орталығы ашылды.

Жұмыс сапары барысында министр Мұхтар Бескеноұлы білім ордасының тыныс-тіршілігімен танысты. Жаңарған оқу ғимараттары мен аудиторияларды, Әл-Фараби музейін аралап, ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген инновациялық жобаларының нәтижелеріне қанықты.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан дипломатиясына 30 жыл толуына орай, Алматы қаласындағы ҚР Сыртқы істер министрлігі және дипломатиялық корпус өкілдерімен кездесу өтті.**

# Елшілер өз тәжірибесін ортаға салды

Құрметті қонақтар жүздесу аясында Әл-Фараби кітапханасының мұражайын аралап, «Ұлы даланың жеті қыры», «Алаш көсемдері», Абай залы және сирек кітаптар мен қолжазбалар қорын тамашалады. Сонымен қатар келушілер назарына ҚазҰУ-дың бас даму жоспары таныстырылды.

ҚР дипломатиялық корпусының өкілдері оқу орнының ұжымы алдында сөз сөйлеп, университет басшылығына қонақжайлылығы, қолдауы мен тығыз ынтымақтастығы үшін алғыс білдірді. Олар өз сөздерінде егемен Қазақстанның сыртқы саясаты мен дипломатиясының 30 жылдық қызметінің маңызды тарихи кезеңдерінен мағлұмат берді. ҚР Сыртқы істер министрлігінің Алматыдағы өкілдігінің басшысы Асқар Шоқыбаевтың айтуынша, ЖОО-дағы кездесулер әрдайым жаңа мүмкіндіктер ашады және ғылыми-педагогикалық қоғамдастықпен өзара жұмысты жандандырады. Сондай-ақ елшілер жиын барысында өз білімдері мен тәжірибелерін ортаға салып, Қазақстанның қазіргі халықаралық қатынастардағы сыртқы саясаты, жетістіктері мен келешегі жайлы әңгімеледі.

«Қазіргі таңда еліміз халықаралық қатынастар саласында өзіндік бағыт ұстанып, бейбітшілік пен татулықтың жаршысына айналды. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы дамуының жаңа сатысына аяқ басты. Еліміздің ішкі саясатында жүр-



гізіліп жатқан күрделі реформалар сыртқы саясат пен дипломатия саласында да әсер ететіні анық. Осы ретте Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үлкен міндеттерді іске асыруда», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сонымен қатар ректор ҚазҰУ жетістіктерімен бөлісіп, биыл жаһандық QS рейтингінде әлемнің үздік 800 университеті арасынан 150-орын алғанын атап өтті. Бүгінде ҚазҰУ-да 30 жылдық тарихы бар халықаралық қатынастар факультеті табысты жұмыс істеуде. Факультет халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат, халықаралық құқық және әлемдік экономика саласындағы кадрлар ұстаханасы болып саналады. «Біздің халықаралық дәрежедегі түлектеріміз заң шығарушы және атқарушы билік органдарында Қазақстан

Республикасы Парламенті мен Үкіметінің аппаратында, ҚР СІМ-де және шетелдердегі өкілдіктерде жемісті еңбек етуде. Олардың көпшілігі біздің елімізді дипломатиялық өкілдіктерде таныстырады, академиялық мекемелер мен іскерлік орталарда жоғары сұранысқа ие», – дей келе, университет басшысы дипломатиялық корпуспен кездесу ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған жақсы дәстүрге айналуы тиіс екеніне назар аударды.

Сондай-ақ кездесу барысында БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі және Қазақстандағы БҰҰ Ақпараттық бюросының басшысы Властимил Самек, ҚХР-дың Алматыдағы бас консулы Цзян Вей, Түркия Республикасының Алматыдағы бас консулы Али Рыза Ақынжы сөз сөйлеп, өзара ынтымақтастықтың жарқын болашағы мен дипломатиялық кадр даярлаудағы ҚазҰУ-дың рөлін ерекше атап өтті.

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

# Білім ордасы ғылыми әлеуетін арттырады

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылыми кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиында оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттердің 2021/22 оқу жылындағы индикативтік жоспары және рейтинг қорытындысы қаралды.**

Күн тәртібіндегі басты тақырыпқа орай, Стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшарат Минажева баяндама жасады.

«ҚазҰУ жуырда QS рейтингінде 25 сатыға көтеріліп, әлемнің үздік жоғары оқу орындарының 150 тобына кірді. Бұл жаңа мәртебе жоғары оқу орнының басшылығы мен ұжымы үшін үлкен жауапкершілік. Оған қоса, тынымсыз еңбек пен нәтижелі жұмысты талап етеді. Өткен оқу жылының индикативтік жоспар қорытындысы бойынша оқытушы-профессорлар құрамы жақсы

нәтиже көрсетті. Бұл өз кезегінде QS рейтингінің жалпы көрсеткіштеріне әсер етті», – деді орталық директоры.

Жүргізілген мониторинг бойынша университет академиялық бедел, оқытушылар мен студенттердің арақатынасы, жұмыс берушілер арасындағы бедел, бір оқытушыға дәйексөз индексі, шетелдік оқытушылар мен студенттердің үлесі, жұмысқа орналасу нәтижелері, халықаралық зерттеу желісі сияқты индикаторлар бойынша жақсы балл жинады. Гүлшарат Салауатқызы ҚазҰУ өз көрсеткіштерін одан әрі жақсартуда үлкен әлеуетке ие екенін баса айтты. Ол сонымен қатар факультеттер арасында индикативтік көрсеткіштердің орындалу барысын саралай келе, анықталған кейбір мәселелерге тоқталды. Мәселен, 2021/22 оқу жылына арналған индикативтік жоспардың бағыты ОПК үшін 34 негізгі көрсеткішті және 24 кіші көрсеткішті қамтиды. Ал факультет үшін 27 негізгі көрсеткіш және 13 кіші көрсеткіш қойылған. ОПК арасында рейтингтік ұпайларды бөлуді талдау кезінде



ең жоғары көрсеткіш тек бір оқытушыда 1000 балдан жоғары болды. Нәтижесінде 3082 рейтингтік сауалнама зерттелді және университет бойынша орташа балл 8-ге тең болды. Биыл физика-техникалық, химия және химиялық технология, биология және биотехнология, IT, тарих және т.б.

факультеттер жоғары балмен ерекшеленді.

Көрсеткіштер деңгейін арттыру үшін әрбір кафедра мен факультет ғылыми метрикалық көрсеткіштерді арттыру бойынша жұмысты жандандыру, жоғары рейтингілі журналдардағы мақалалар саны мен олардың дәйектелу индексіне көбейту,

білім беру бағдарламаларын «Атамекен» ҰКП, QS by subject & THE by subject пәндік рейтингтері бойынша ілгерілету, сондай-ақ жаһандық бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеру бойынша арнайы топтың қызметін күшейту жұмыстарын атқаруы тиіс.

Сонымен қатар мәжілісте IT-инфрақұрылымды дамыту департаменті директорының орынбасары Ғалымжан Сариев хабарлама жасады. Ол университеттің IT-инфрақұрылымын жаңа оқу жылына дайындау туралы мәлімет беріп, халықаралық сапа стандарттарына сәйкес болу үшін жүзеге асырылатын алдағы жоспарлар туралы айтты.

Сондай-ақ жиын соңында Түркология және алтайтану ғылыми-зерттеу институтын құру, Археология және дала өркениеті ғылыми-зерттеу институтының атауын Археология және антропология ФЗИ-ына өзгерту және университет ғалымдарына ғылыми атақтар беру жөніндегі ұсыныстар мен өзге де өзекті мәселелер қаралды.

**Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**



## Отандық ғылым жаңа бағытта дамиды

«Ғылым ордасында» Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының кезекті отырысы өтті. Жиынға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ғылыми-зерттеу институтының басшылары, президиум мүшелері мен академиктер қатысты.



«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 маусым күні Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мерейтойлық сессиясында Ғылым академиясының қызметін түбегейлі жаңарту, оны ғылыми ой-пікірдің орталығына айналдыру қажеттігін, академияны беделді құрылым ретінде қайта құрып, ғылыми ұйымға мемлекеттік мәртебе беру керектігін мәлімдеді. Біздің негізгі мақсат – ғылымды дамыту», – деді ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Сондай-ақ ол өз сөзінде ғылым ордасына жөндеу жұмыстары жүргізілетінін мәлімдеді.

Өз кезегінде ҚР ҰҒА-ның Әлеуметтік ғылым бөлімшесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев баяндама жасады.

«Мемлекет тарапынан ғылымға деген көзқарас жылдан-жылға артып келеді. Мәселен, келесі жылы ғылым саласына бөлінетін қаржы төрт есеге көбейгелі отыр. Бұл үлкен қолдау. Біз осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ғылым саласын жаңа бағытта жетілдіріміз қажет», – деді университет ректоры.

Кездесу соңында Саясат Нұрбек айтылған ұсыныс-пікірлер ескерілетінін жеткізді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Ғылым ордасында» өткен Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының жалпы сессия отырысына қатысты.

## Ғылымды мемлекеттік қолдау мәселесі сараланды



«Биыл Ұлттық ғылым академиясына 75 жыл толды. Осы айтулы датаға орай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым ордасына арнайы келіп, сессия отырысына қатысты. Сол жиында Президент академияға мемлекеттік мәртебе берілетінін мәлімдеді. Бұл отандық ғылымға жасалған зор қолдау», – деді Мұрат Жұрынов.

Өз кезегінде ҚР ҰҒА-ның Әлеуметтік ғылым бөлімшесінің төрағасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев баяндама жасады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Ұлттық ғылым академиясының 75 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде академия мәртебесінің өзгеруіне байланысты ауқымды міндеттерді алға қойған бола-

тын. Қара шаңырақтың мәртебесін көтеру Қазақстан ғылымын дамытуға сөзсіз ықпал етеді. Бүгінде отандық ғылым өте қарқынды даму үстінде. Дегенмен Президенттің «Ғылым ордасында» сөйлеген сөзінен кейін ғалымдарымызға қойылатын талап пен жауапкершілік бірнеше есе артады. Сондықтан да біз бірлесіп ғылым саласын жаңа бағытта дамытуымыз қажет», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сессия отырысына қатысушылар Ұлттық ғылым академиясының рөлін арттыру және отандық ғылымды дамыту мәселелері бойынша өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар академияның алдағы жұмыс жоспары мен міндеттерін айқындады.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Гүлнар Кендірбай Алматыдағы Күләш Байсейітова атындағы музыкалық мектепте атақты Нина Патрушеваның скрипка сыныбы бойынша білім алды. Сосын Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетіне оқуға түсіп, оны 1979 жылы үздік бітіріп шықты. Венгрия мен Германия елінде екі диссертациялық еңбегін қорғаған. Алғашқы еңбегін Алаш қозғалысы тақырыбына арнаса, екіншісі фольклоризмге, анығында фольклордың урбанизацияланған формасына бағытталды. Фулбрайт стипендиясын



**Гүлнар КЕНДІРБАЙ,**

Колумбия университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы:

## Шетелден оқытушылар тарту – тамаша дәстүр

ұтып алған соң, 2004 жылдан бастап Колумбия университетінің (АҚШ) тарих факультетінде сабақ бере бастады.

Ғалым Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде 2020 жылдың қазанынан, ал тарих факультетінде өткен жылдың қыркүйек айынан бастап сабақ береді.

– ҚазҰУ-да шетелден профессорлар, оқытушылар тартатын тамаша дәстүр бар. Бұл өте жақсы үрдіс. Біріншіден, білім алушылардың сабаққа, пәнге деген ынтасын арттырады. Екіншіден, оның білім беру сапасына ықпалы зор. Шетел оқытушыларымен байланыс орнату, интеграция жасау, олардың дәрісін тыңдау ҚазҰУ студенттерінің білім көкжиегін кеңейтіп, ауқымдандыра түседі әрі оқу орнының рейтингін көтереді, – дейді бізбен әңгімесінде Гүлнар Төрбекқызы. – Көрнекті қазақ тарихшысы Нұрболат Масановты жақсы танимын едім. Сол кісімен аралас-құраластығым Алаш қозғалысы мен қазақ тарихын зерттеуге деген құлшынысымды арттырды. Ғалымның және оның әріптестерінің ізденісі мен еңбегі Алаш тақырыбын зерттеуге алып келді.

Батыс ғылымы мен Қазақстан ғылымының жай-күйін салыстыра алмайсыз. Үкіметтің қолдауы, ғалымдардың ізденісі мен студенттердің қызығушылығы әрқилы. Оған, әрине, біржақты қарауға болмайды. Оның сан алуан себебі мен салдары бар. Оны тек Қазақстан ғылымына тән сипат деп те айта алмайсыз. Мысалы, гуманитарлық ғылымдардың жалпы құлдырау процесіне жоғары технологияның дамуы ықпал етті. Методологиялық, концептуалды, теориялық тұрғыдан алғанда бүгінде тарих ғылымының Кеңес Одағы кезеңінде салыстырғанда ерекше құлдырағанын байқаймыз. Әсіресе ғылыми ізденіске қажетті талаптарға сәйкес материалдық қамтамасыз ету, ресурстармен жұмыс істеу мүмкіндігі, оған қол-

жетімділіктің болуы өзекті мәселе. Өйткені ақпарат көзіне қолжетімділік болмаса, жалпы ғылымда, әсіресе гуманитарлық салада толыққанды зерттеу жүргізе алмайсыз.

Гүлнар Төрбекқызының айтуынша, бір өкініштісі, елімізде мұрағат атаулы жұмыс істеп тұрса да, барлық ақпарат көзіне толық қолжетімділік жоқ. Кеңес заманында ақпарат алмасудың ортақ жүйесі болатын. Барлық одақтас елдер мен олардың кітапханалары бір-бірімен тығыз байланыста еді. Барлық зерттеу жұмыстары ізденушіге қолжетімді болды. Қазір тарихи еңбектерді табу бұрынғыға қарағанда әлдеқайда қиындай түскен. Ол елімізде таба алмаған кітаптарды Колумбия университетінде көргеніне таңғалғанын жасырмайды. Бір қызығы, Қазақстанда шыққан басылымдарды ол жақта еркін тауып аласыз.

– Ол жақта кітапханалардың ортақ жүйесі қалыптасқан. Бір-бірімен тығыз байланыста екеніне көз жеткізесіз. Егер қандай да бір кітапты таба алмасаңыз, басқа кітапханадан тапсырыс беруге болады. Іздеген кітабыңызды сізге тауып әкеп береді. Бір сөзбен айтқанда, зерттеушіні әдебиетпен қамтамасыз ету процесінде ешқандай қиындық жоқ. Мысалы, жергілікті ғалымдарға әлі де батыс журналдарына қол жеткізу қиындық туғызады. Кез келген шетелдік оқу орындарында мұндай мәселе жоқ. Мәселен, тарихқа қатысты Nationalities papers, American Review of History, Central Asian studies сияқты танымал журналдар шығады. Мұндай журналдарға біздің ғалымдар да, студенттер де қол жеткізе алмай отыр. Батыстың барлық университеттерінде бұл мәселе толық шешімін тапқан, – дейді Гүлнар Төрбекқызы.

Токталып өтетін тағы бір мәселе – қазір жоғары оқу орындары оқытушылардан Scopus базасына енетін беделді ғылыми журналдарға мақала жариялауын талап етеді. Осыған орай, ғалым

өз ойын ортаға салды. Ғалымның айтуынша, академиялық журналдарға мақала жариялау үшін ең алдымен тәжірибе керек. Оқытушы мақаланың қалай жазылатынын білуге тиіс. Оны жазбас бұрын, қалай әзірленетінінен де тәжірибесі болғаны абзал. Сондай-ақ ағылшын тілін меңгеру деңгейі де жоғары болғаны жөн. Демек, студенттер осы тақырыптарды бакалавриат деңгейінен бастап үйрене бастағаны дұрыс. Ал біздің студенттердің мақаланы оқуға, зерттеп-зерделеуге мүмкіндігі жоқ. Бұл ұзақ дайындықты талап етеді. Ғылыми мақаланы шетелдік журналда жариялау керек деген талап мүлде қажет емес. Одан отандық ғылым көрмей кетпейді. Студенттер бірінші курстан бастап академиялық журналдарда жарық көрген мақалаларды оқып, ғылыми мақала жазуды үйренгені жөн.

– Жасыратыны жоқ, біздің студенттер көп жағдайда шетелдік тағылымдамадан өтуге салғырттық танытады. Бір сөзбен айтқанда, ешқандай дайындықсыз барады. Көбіне уақытын барған жеріне бейімделуге, тұратын орын-жай іздеуге шығындайды. Ізденушілер академиялық ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгермегендіктен, зерттеу жұмысына ақпарат іздеуді былай қойғанда, дәрістің мазмұнын түсінбей жатады. Сондықтан білім алушыларды тағылымдамадан өтуге алдын ала арнайы дайындаған абзал. Әйтпесе мемлекет қаржысының өтеуі болмайды, – дейді Гүлнар Төрбекқызы. – Бүгінгі заманның жастарына қойылатын талап тым жоғары. Олар жан-жақты дамуға тиіс. Көп оқып, көп ізденіп, дүниетанымын үнемі кеңейтіп отыруы керек. Әрине, жастардың бәрі бірдей ғалым бола бермейтіні белгілі. Десек те, қазіргі жоғары технологиялар заманында олардың еңбекқор, сауатты, өзге көзқарастағы адамға толерантты болғаны абзал.


**Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**



– Мұхтарбай аға, әлемдік аренада біздің математика саласының рөлі қаншалықты үлкен деп ойлайсыз?

– Дүниежүзінде 10 мыңнан аса білім бағдарламасы болса, соның ішінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы физика-математика ғылымдарының білім бағдарламасы әлемдік рейтингте ТОП-300-дің қатарында. Тәуелсіздік жылдары біздің математика ғылымы осындай дәрежеге жетті. 1937 жылғы саяси қуғын-сүргінде жақсы ғалымдардың бәрін дерлік итжеккенге айдап, азапты өлімге душар етті. Сол зобалаңда Ибадулла Ақбергенов деген маң-

қарай, халық әлеуметтік тұрмысқа байланысты ғылымға аса ден қоя алмады. Десе де, одан бері қарай жетекшілік еткен ғылым докторларым да 10-нан асып жығылады. Аз да, көп те емес. Құдайдың берген осы ғұмырында қолдан келгенше еңбек еттік. Сол азды-көпті еңбектеріме көптеген ғалымдар қызығушылық танытты. Сонда мәскеулік ғалымдар қазақ халқының ғылымы алдында бас иген болатын. Тәуелсіздік алғанға дейін де, кейін де осы елдің «бір кірпіші» болып қаланайын деген ниетпен жоғары білікті ғылыми мамандар даярлау ісіне қолдан келгенше үлес



Мұхтарбай ӨТЕЛБАЕВ, ҚР ҰҒА академигі:

# ҚазҰУ – математика ғылымының ордасы

дайымызға біткен мықты математик те атылып кетті. Біз есімдерін білмейтіндер қаншама?! Осы себептен болса керек, 1960 жылдарға дейін Қазақстанда математика ғылымы дамыған жоқ. Ол кезде қандастарымыздың көбі ауылда болатын. Қалаға келіп оқу өте қиын еді. Сондықтан арамыздан жөні түзу ғалым да жарып шыға алмады.

1965 жылдары, яғни билікке Дінмұхамед Қонаев келгеннен кейін қазақ ғылымының тамырына қан жүгірді. Игі үдеріс математика ғылымын қарқынды дамытып, көрнекті математиктер пайда болды. Айталық, Асан Дабысұлы, Базарбай Оразбаев, Орымбек Жәутіковтер. Бұл ақсақалдардың ізін ала Өмірзақ Сұлтанғазин, Құлжабай Қасымов, Әбдеш Беделбаевтар келді. Жетпісінші жылдары, Димекеннің қолдауы болса керек, ғылымның дамуы тіпті үдей түсті. Мысалы, 1977 жылы Қазақстанда математика ғылымының докторы төртеу еді, бесінші болып мен қосылдым. Десе де, Өзбекстан, Әзірбайжан, Армения, Грузия, Латвия, Белоруссия, Украина республикаларымен салыстырғанда артта болатынбыз. Дегенмен 1991 жылғы Дүниежүзілік конгресте жария болған 1000 көрнекті математиктің 30-ға жуығы қазақтар еді. Демек, біз жан басына шаққанда ең мықты деген Украина мен Ресейдің алдына шығып кеттік. Еуропа мемлекеттерінің кейбірінен озық болдық. Бұл – математика ғылымынан ғана. Себебі бұл ғылымды дамытуға көп қаражат жұмсала қоймайды, қағаз, қалам және бас болса болғаны. Сол тұста ұлтымыз математикаға өте қабілетті халық екенін дәлелдеп шықты. Кейін де мұны ғалымдарымыз дәлелдеп жүр.

– Ғылым, ұстаздық жолында қаншама жылдан бері еңбек етіп келесіз. Шәкірттеріңіз жайлы айтсаңыз.

– 1973 жылдан бастап ғылым кандидаты мен ғылым докторларының ғылыми еңбектеріне жетекшілік ете бастадым. Содан Кеңес өкіметі құлағанша, яғни 1991 жылға дейін 70-ке жуық ғылым кандидатын даярлап шықты. Олардың шамамен 10-15-ке жуығы сол кездерде ғылым докторлары атанды. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары, өкінішке

қостым. Отыз бес жылдан астам уақыт республика жоғары оқу орындарының студенттеріне дәріс оқып, аспиранттар, PhD докторанттар, магистранттар, студенттер мен ізденушілер үшін семинарлар мен үйірмелер ұйымдастырдым. Математиктер қауымына белгілі «Дифференциалдық операторлардың кеңеюлері және тарылулары», «Бөліктену теориясы», «Ену теоремалары», «Қазіргі есептеу әдістері» және басқа да көптеген арнаулы курстар оқыдым.

– Ғылымның қандай салаларында қызмет атқардыңыз?

– Әлбетте, ғылымның көптеген салаларында қызмет атқардым. Мысалы, Қазақстанға келгеннен кейін Төлеубай Аманов деген мықты математикпен жолықты. Сол кезде Қазақ КСР Ғылым академиясы Математика және механика институтының директоры және ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі еді. Ол кісімен бірлесіп екі мақала жаздым. Айтпағым сол – Мәскеуде де, елде де осындай биік тұлғалармен бірлесіп көптеген еңбектер мен мақалалар жазу нәсіп болды. Ол еңбектер әлемнің түкпір-түкпіріндегі математиктердің қажетіне жарап жатқаны анық. 1966-69 жылдары Мәскеуде оқыдым. Ал 1969-72 жылдары аспирант болдым. Сол кезде Мәскеуге іссапармен келіп-кетіп жүрген түркі ғалымдарын жолықтырып, танысып-білісіп, еңбектерін оқыған соң, оларға қайран қалдым. «Түркі халықтарының бойында математикаға деген қабілет бар екен» деп топшылады. Өкінішке қарай, олардың кейбірі елдеріне қайтқан соң, ғылымдағы жаңалықтары бәсеңсіп қалды.

– Осы орайда, студенттік шағыңыздағы жылы естеліктермен бөліссеңіз.

– Студент кезімнің алғашқы жылдарында әр математик, профессор, тіпті қасындағы студенттердің өздеріне таңғалумен болды. Оқу бітіргенше оларды қуып жетіп, ақырында өзімді мойындаттым. Төртінші курста оқып жүрген кезімде университеттегіміз қазақ ғалымы Дәулет Үмбетжанов келіп баяндама жасады. Біз, студенттер, тыңдап отырмыз. Бір кезде бір жерінен қате кетті. Мен соны байқап қой-

дым. «Мына жеріңіз күмәнділеу екен», – дедім жастық желікпен. Сонда отырған бір профессор да байқаса керек, ол да мені құптады. Ғалым ары қарап, бері қарап, сол жерді түзете алмады. Баяндама біткен соң, маған қарап: «Сен өзін қайдан шыққан бәлесің?» – деп арқамнан қағып қойды өтірік ренжіген болып. Математиканың жауапкершілігі де сол – бір қатені көрсен, оны бүкпей айту керек. Кейін ол кісі мықты ғалым болып, көптеген шәкірттердің ғалым ретінде қалыптасуына септігін тигізді. Докторлықты 1978 жылы қаңтар айында қорғадым. Асылы, Мәскеуде докторлықты қорғаған бірінші қазақ мен болдым. Мен бұны айтып отырған себебім – әлемнің кез келген бұрышында ғылымнан жаңалық ашу әрбір қазақтың қолынан келеді.

– Бүгінгі таңда математика ғылымы дамып жатыр ма? Оның дамуына сүбелі үлес қосып жатқан қандай оқу ошақтарын атап едіңіз?

– Кеңес өкіметі кезінде көрнекті ғалымдардың саны жағынан біз Өзбекстан, Армения, Әзірбайжан, Грузия, Латвия, Литвадан артта болдық. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін аталған мемлекеттерден озып кеттік. Біздің алдымызда Украина мен Ресей ғана тұрды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ғылымнан алыстап, кейін қайта ден қойып, әйтеуір, тұрақтала алмай жаттық. Уақыт өте келе, ғылымға мән беріле бастады. Елімізде математика ғылымының ордалары – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Математика институты және Қарағанды университеті біршама алда келеді. Аталмыш оқу ордалары ғылымның дамуына үлкен үлес қосты. Ғылымды дамыту үшін дәстүр мен тұрақтылық қажет. Әрі бір жерде кем дегенде үш ғалым жұмыс істеуі керек.

Бүгінде қаптаған жеке оқу орындары ғылымға көп зиянын тигізіп жатыр. Бұрын Алматыдағы Математика институтында ғалымдардың басы жиі қосылатын, бетпе-бет әңгімелесіп, семинар өткізетін. Себебі көптеген ЖОО-лар профессорлар құрамын таратып алды. Мысалы, атом бомбасы жарылу үшін оның массасы 1 келіден асуы керек. Ал 1 келіні екіге бөліп, арасын алыс қойсаң,

ол жарылмайды. Ғалымдардың бас қосып, семинар өткізуі де осы сияқты құбылыс. Үш-төрт профессор бір аудиторияда студенттермен бірге есептің шемімін табу жолдарын талқыласа, нәтиже болады. Мықты профессор өзінің білгенімен жүре берсе, ақырындап сөне береді. Қазақтың «Жалғыз ағаш орман болмас, жалғыз кірпіш қорған болмас» дейтіні – осы. Ал бізде ананы бір, мынаны екі өзгерте берген соң және ғалымдар жан-жақта жүргеннен кейін ғылым дамуы тежеліп қалды. Бірақ дүниежүзілік есеп бойынша Қазақстанда математика ғылымы өз деңгейін сақтап қалған. Дегенмен күннен-күнге дами түсуіміз керек.

– Елімізде кенже қалып бара жатқан нендей мәселені айтар едіңіз?

– Шын мәнінде мемлекеттік тіл мемлекеттің қажетін өтеп отыр ма? Оның тірегі біз болмас, кейінгілер «е, орысша сөйлей беруге болады екен» деп, арқасын кеңге салып жүре береді. Қазақ екенімізді ұмытпайық. Үйімнің төрінде, жұмыс бөлмеде қазақтың киелі домбырасы тұрады. Сырлы сыбызғы да бар. Кейде қолға аламын, керемет қуат, шабыт береді. Ел «ақсақал» деп айта бастағанда аталы сөзімді батыл айтуға құқылы шығармын. Мемлекет тілін үлкен-кішінің түгел білу үрдісін кезінде КСРО көрсетті. Ол бәріміздің жадымызда. Соны көріп-біліп отырып, тәуелсіздігін алған елдің тіліне немқұрайдылық таныту, былдыр-былдыр, шүлдір-шүлдір ету кешірілмес күнә. Кім болса ол болсын, мені сыйламасаң да, мемлекетті, сол мемлекеттің тілін сыйла деймін. Ежіктеп отыратындар, менсінгісі келмейтіндер ойлануы керек.

– Жастардан қандай үміт күтесіз? Олардың математикаға деген ынта-ықыласы қаншалықты зор?

– Мен бұрын мектепте мұғалім болғаным, қазір де мектепке жиі барып тұрамын. Сонда байқайтыным, қазақ сыныптарында 20 бала отырса, соның кем дегенде төрт-бесуі математикаға бейім, болашақта менен аспаса, кем түспейтін математик болуға қабілеті бар. Дарынды балалар өте көп. Бірақ 9-10 сыныққа келгенде жаңағы балалар мате-

матикаға суып қалатынын байқаймын. Себебі мұғалімдер сабаққа қызықтыра алмайды. Оларға «сен мынадай мықты маман боласың, сен халқыңа керексің», «сен осындай болуың керек» деп арқасынан қағып, мақтап, ынталандырып, жігерлендіріп отыру керек. Оларға басқаша тамақ беріп, басқаша бағудың қажеті жоқ. Тек оларды танып, қанаттандырып, елге керек азамат қылып өсіруді ойласақ жетіп жатыр.

Атом ғасыры компьютер ғасырына ауысты. Енді компьютер ғасыры, менің болжамымша, роботтар ғасырына сөзсіз жалғасады. Сондықтан жаңа ғасырдан қазақ өз үлесін алуы тиіс. Осы идеямды Эйнштейн теориясын зерделеу барысында жетілдіру үстіндемін. Мен Эйнштейннің салыстырмалық теориясы модель ретінде қате емес, бірақ нағыз физиканы түсіндіре алмайды деймін. Бұған дауласушылар табылады. Сондықтан «математикалық тұрғыдан» дегенді қосып қойдым. Физиктер «е, бәсе» деседі. Ішкі түйін қағазға түсіп жатыр. Бір білетінім, дүниені толық түсіндіріп беретін бірде-бір теория жоқ десем, қателеспеймін. Орта ғасырда Исаак Ньютон өз теориясын ашты. Ол «Галилей-Ньютон теориясы» деп аталды. Алғашында дүниенің бүкіл болмысы сонда көрініс тапқандай болған. Артынан олай емес екені белгілі болды. Ол да әлемнің бір моделі екен. Мәселен, адам моделі – адамның суреті емес қой. Эйнштейннің салыстырмалық теориясын ашқаннан кейін физиктер дүние дәл осылай мәңгілік деп ойлады. Сөйтсек, ол да дүниенің бір моделі екен. Мен осылайша Эйнштейн теориясын қазірше философиялық тұрғыда қарастыра беремін. Оның нәтижесі келер күндердің еншісінде.

– Ғылымның тағы да қанат жайып, қарқынды түрде дамуы үшін не қажет деп ойлайсыз?

– Ғылымға сүйенген ел дәуірдің ұлы көшпінен қалмайды. Тәуелсіздіктің соңғы жылдарында ғылымға айрықша назар аударыла бастағаны көңіл көншітеді. Өйткені қай саланы да дамыту үшін алдымен қаражат керек. Ал бұл Мемлекет басшысының қамқорлығы арқасында мольнан қаралуда. Өкініштісі, мұнда да бөлінген қаражатты алдымен жалған ғалымдар алады, көбіне дарынды ғалымдардың қолына тие бермейді. Осылай жалғаса берсе, ғылым дағдарыстан алдағы он-он бес жылда бір-ақ шығады. Псевдоғалымдар бара-бара азаюы керек. Себебі олар қаңбақ секілді – тұрақ жоқ.

Қазір ғылымға бөлінген қаржының 50 пайыздайы ғана өз мақсатына жұмсалып отырса, алдағы он жылда 90 пайызға дейін таза ғылымға түсер. Сонда ғана саланың қарыштап дамитынына сенуге болады. PhD докторантураны оқытуға жастарды шетелге жіберу қажет. Мұнда да мына жайтты ескерген жөн: ғылымға қабілеті бар жас маман шетелдің ең мықты университетін бітіріп келді делік. Ол ортамызға оралысымен айнала-сыңда бәсекелестеніп әріптесі болмаса, идея алмаспаса, білгенін ешкімге үйретпесе, біртіндеп талантынан айырылып қалады. Сол себепті ғылымды дамыту үшін таланттылар көп болу керек.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан  
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ



Бүгінгі таңда CubeSat стандартты шағын ғарыш аппараттарының саласы қарқынды дамып келеді. Өйткені олар үлкен жасанды жерсеріктермен салыстырғанда арзан және оны құрастыру жеңіл әрі жылдам жүзеге асырылады. Осыған байланысты әлемнің көптеген университеттері мен үкіметтік емес компаниялары өздерінің ғарыш аппараттарын ұшыруды қолға алды. Олар ғылыми зерттеулер, білім беру, ауыл шаруашылығы, жер бетін зерттеу, картография және т.б. сияқты көптеген салаларда қолданылады.

# Жасанды жерсерігін жасауға бейімдейді




жылдан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында әзірленіп, 2017 және 2018 жылдары іске

қосылған алғашқы қазақстандық «Әл-Фараби-1» және «Әл-Фараби-2» наноспутниктерін әзірлеу және іске қосу кезінде дағдылан-

ған болатын. Бұл өз кезегінде «Альфасат» наножерсерік конструкторы жобасын табысты іске асыруға көмектесті.

дайындау бойынша барлық жұмыстар университет базасында жүргізіледі. Зертханалық жұмыстар үш тілде жасалды. Студенттің қызығушылығын сақтау үшін жиынтықта зертханада жиналған наносерікті гелий шарын пайдаланып, стратосфераға қосу мүмкіндігі бар.



Наноспутниктерді сәтті іске қосқаннан кейін жас ғалымдарымыз Қазақстанда осы саланы одан әрі дамыту үшін аянбай еңбек етуге бекінді. Нәтижесінде бұл дағдыларды мектептен ғарыштық робототехника бойынша зертханалық жұмыстар барысында оқыту туралы шешім қабылданды. CubeSat стандарты бойынша негізгі талаптарды сақтай отырып, оқушылардың білімді жақсы игеруі үшін конструктордың өзіндік құнын арзандатып, технологияны жеңілдету міндеті тұрды. Нәтижесінде барлық негізгі технологиялық сипаттамалар мен мүмкіндіктер сақталды. Жинаққа барлық негізгі ішкі жүйелер, компоненттер және наножерсерік құрастыру құралдары кіреді. Конструкторларды құрастыру және

Сонымен қатар жобаны әзірлеу барысында «Коммуникациялық хаттама – AlfaSat» және «Жерүсті станциясына арналған бағдарлама – AlfaGround» атауымен ҚР-ның екі авторлық куәлігі алынды. Сондай-ақ ТМД елдерінің нарығына шығуға мүмкіндік бар.

Аталған жобаны халықаралық «UniSat» білім беру бағдарламасын қаржыландыратын ЮНИСЕФ қоры да жоғары бағалады. Нәтижесінде Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстандағы қыз балалар осы конструктор базасында оқып, біліктілігін арттырды.

Қазақстан мен Орталық Азияда алғашқы болып Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өз наноспутнигін Жер орбитасына сәтті шығарды. Келесі мақсат – аталған технологияны бүкіл Қазақстан бойынша дамыту. Осы мақсатта 2019 жылдан бастап білім ордасы базасында «Альфасат» жердің кіші жасанды серіктері конструкторын құру жобасы жұмыс істеуде. Ол ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар бойынша басым бағыттарды қамтиды. Жобаның авторлары – А.Темірбаев, Н.Өзбеков, Н.Мейрамбекұлы, С.Орынбасар, О.Тубебаев. ҚазҰУ ғалымдары білім алушыларға ғарыш аппараттарын жобалау, құрастыру, сынау және пайдалану процестері туралы жүйелі түсінік беретін компоненттер жиынтығы болып табылатын инновациялық өнім ұсынып отыр.


Авторлар бұл салаға 2013

ҚазҰУ нанотехнологиялық зертханасының ғалымдары микропорялы материалдардың жаңа түрін шығарды. Ғылымда «кеуекті металл» деген ұғым бар. Бұл металл көбік, оның жасушалық құрылымында біркелкі бөлінген кеуектер көп. Қазіргі индустриалды өндірісте көбікті материалдарды күйдіру технологиясы арқылы даярлайды. Бұл көп энергияны және еңбек күшін қажет етеді. Ашық үлгідегі ұлттық нанотехнологиялық зертхана ғалымдары жоғары вакуумда тозаңдатуды пайдалана отырып, микрокеуекті металл материалдарын алудың жаңа және энергия тиімді тәсілін әзірледі.

## Микрокеуекті жаңа материал



а) дәстүрлі әдіспен алынған жабық кеуектері бар кеуекті алюминий



б) ҚазҰУ ғалымдары вакуум разрядында тұндырған алюминий микросфералары

құрылымды қалыптастыру механизмі. Катод материалы нанокластар түрінде плазмада буланып, содан кейін арнайы субстраттың бетіндегі сфералық микробөлшектерге конденсацияланады. Кеуекті материалдарды өндірудің ұсынылған әдісінің тағы бір маңызды айырма-

шылығы – реакторда терең вакуумның болуы, сондықтан материалдағы жабық микропоралардың ішінде ауа болмайды.

Бұл технологияның баламасы елімізде де, әлемде де жоқ. Ғалымдар өнеркәсіптік мақсатта қолдану үшін жаңа материалдардың физикалық қасиеттері мен

құрылымын зерттеуді жалғастыруда. Машина жасау үшін микрокеуекті алюминий мен болат құрылымының тұрақтылығы қызығушылық тудырады, алюминий мен титаннан жасалған

жаңа кеуекті материалдардың тығыздығы аэроғарыш саласы үшін өте маңызды, ал алынған кеуекті материалдардың беріктігі әскери салада ерекше сұранысқа ие.

Бұл жаңалықты ғалымдар 2021 жылы ҚР BFM гранттық қаржыландыру конкурсы аясында өткізілген УВП-60 қондырғысында мыс және алюминий наноұнтақтарын алу бойынша эксперимент барысында жасады. Ұсынылған технологияның басты айырмашылығы – кеуекті



# Единственный ВУЗ, где обучают хинди и урду

Казахстан, Индию и Пакистан связывают давние дружеские связи, которые с обретением Казахстаном независимости получили новый импульс к развитию. В различных отраслях науки, культуры, образования и бизнеса осуществляется сотрудничество между нашими государствами. И сегодня как никогда остро встает потребность в специалистах-индологах – людях, которые, одинаково свободно говоря на казахском, русском, хинди, урду и английском языках, будут посланцами дружбы и мирного сотрудничества между Казахстаном, Индией и Пакистаном.



культуру и литературу Индии и Пакистана, этапы их исторического развития. Государственный язык Индии – хинди занимает 4-е место в мире по степени распространенности. Он – наследник великого древнего языка – санскрита, очень богатый и красивый язык, пишется древним шрифтом деванагари. Язык урду – близкий родственник языка хинди, но пишется арабской графикой. Язык урду также очень популярен

в южно-азиатском регионе, а также в арабских странах (Арабские Эмираты, Саудовская Аравия).

Гордостью индийского отделения являются его выпускники. Среди них сотрудники МИДа и органов национальной безопасности, ученые и преподаватели вузов. Студенты отделений хинди и урду имеют все возможности для получения профессиональных знаний и расширения страноведческого кругозора. При

содействии посольств Индии и Пакистана полностью оборудованы необходимой аудио, видео и телеаппаратурой, учебной и художественной литературой Центр Махатмы Ганди и Центр Мухаммада Али Джинны, кабинеты хинди и урду.

Существенным элементом учебного процесса на факультете востоковедения является зарубежная стажировка в университетах-партнерах, которая длится от полугода до года. Это:

Центральный институт языка хинди (г. Агра, Дели); Делийский университет, Университет им. Джавахарлала Неру, Университет Джамия Миллия Исламия (Дели), Университет им. Махатмы Ганди (Вардха), Исламабадский университет (Пакистан). По окончании учебы студенты сдают экзамены и получают официальные сертификаты. Кроме интенсивного учебного процесса, в течение учебного года для студентов организуется несколько культурно-познавательных туров по Индии и Пакистану. Студенты посещают Агру (местонахождение знаменитого Тадж-Махала), Лахор (столица средневековой Империи Великих Моголов), Пенджаб (известные сикхские храмы), Дарджилинг (где находятся знаменитые чайные плантации), южный штат Керала (место слияния трех водоемов: Индийский океан, Аравийское море, Бенгальский залив) и другие многочисленные интересные места.

**Зауре ИСКАКОВА,**  
ст. преподаватель кафедры  
Ближнего Востока и  
Южной Азии

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев объявил 2022-й годом Детей в Казахстане. В первый раз – в первый класс. 27 июня в Казахском национальном университете им. Аль-Фараби состоялся праздник для детей, идущих в первый класс. Организатором этого праздника является профком «Парасат» работников университета.

## Подарим детям радость



Дети с радостью ждали этого праздника. И вот наступил самый важный момент: вручение первоклассникам канцелярских товаров, учебных принадлежностей, включая портфель. Вручение подарков проходило в торжественной обстановке. Детей приглашали на сцену. Председатель профкома КазНУ Талгат Мекебаев лично вручал детям подарки и каждому из них говорил добрые пожелания. Чувствовалась волнующая атмосфера в зале. Все это придавало мероприятию особую торжественную атмосферу. Организаторами этого праздника была подготовлена специальная развлекательная программа для детей. Были приглашены аниматоры. Море впечатлений у детей и родителей!

Необходимо отметить, что КазНУ – это вуз с богатыми традициями. Профсоюзный комитет ежегодно проводит такие акции, а также различные конкурсы с участием детей, организуются выставки творческих работ детей сотрудников. Во дворце студентов имени О. Жолдасбекова недавно прошел праздник «День защиты детей», который также был организован профсоюзом «Парасат» работников КазНУ имени Аль-Фараби.

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев высоко оценил роль профсоюзов в казахстанском обществе и поставил перед профсоюзным движением новые задачи. Национальная комиссия по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан поделилась результатами Всемирного обзора ценностей, в котором отражены и мнения казахстанцев. Так, более 93%, принявших участие в исследовании респондентов из Казахстана считают наивысшим приоритетом в жизни семью, то есть для подавляющего большинства наших сограждан это базовая и первичная ценность. Далее с большим отрывом: работа и карьера – 49,2%, друзья – 43,9%, досуг – 35,5% и религия – 28,7%.

Мы уверены в том, что профком «Парасат» и в дальнейшем будет способствовать укреплению и развитию лучших традиций нашего университета.

**Дана БАЙТУКАЕВА,**  
ст. препод. кафедры  
международного права  
факультета международных  
отношений

## Профессия журналиста – ответственная работа

Мы студентки 2-го курса кафедры журналистики Атырауского университета имени Халела Досмухамедова. Мы сейчас проходим практику в редакции газеты «Қазақ университеті» КазНУ имени Аль-Фараби. Многие наши знакомые, школьники-старшеклассники советуются с нами по поводу выбора профессии. Спрашивают про нашу учёбу, про журналистику. Так как мы ещё учимся, многое еще сами знаем, поэтому по поводу выбора профессии не можем дать конкретное направление молодым. Нам трудно что-либо посоветовать выпускникам, но можем рассказать каким должен быть журналист, про интересную и разнообразную работу журналиста и о том, какие предметы у нас проходят.

При выборе профессии выпускники школы часто задумываются. С другой стороны, мы понимаем выпускников, ведь и нам два года назад также было сложно с выбором профессии. На наш взгляд, для работы журналиста главное – знание. Журналистика интересная профессия, в то же время очень ответственная работа. Корреспондент – это не просто уметь говорить на камеру и быть телеведущим, разъезжать по разным странам в командировки, как думают многие, здесь есть свои трудности. Журналистика – это деятельность в области сбора и обработки информации для дальнейшей ее подачи публике через средства массовой информации: печатные издания, журналы, радиовещание, телевидение, интернет-сайты. Журналист должен уметь грамотно писать, чтобы у респондента взять нужную информацию должен уметь правильно задавать вопросы, а для этого он должен знать ту сферу, ситуацию. Конечно, это не сразу удастся, всё начинается с азов, по рассказам журналистов опыт придет со временем.

Для того чтобы стать хорошим журналистом, как и везде, нужно ценить и любить свое дело. Это, пожалуй, главное, чем должен владеть журналист. Вместе с данным человеком, весьма значима общительность, коммуникабельность, творческий подход, находчивость, сообразительность. Все эти качества без исключения нужны для работы с людьми. Деятельность журналиста представляет собою непрерывное передвижение в поисках информации. Журналист находит и запрашивает нужную информацию. Правильно и незамедлительно готовит информационный продукт. Создает информатив-



ную базу, для того чтобы приготовить материал к выходу.

В основном школьникам не дают направления на выбор профессии. Многие соглашаются с этим, ведь это реальная проблема нашего времени, выпускники просто выбирают ту профессию, которую им выбрали родители или в которую легко поступить, которая просто актуальна сейчас, а не то что реально требуется. Хотели обратиться к учителям нашим родителям, просто направлять своего ребёнка на то что ему реально интересно и нравится. И так, хотим сказать, что журналист представляет собой интересную профессию, но требует разностороннее знание. Поэтому кто хочет стать журналистом, в первую очередь, много читайте. Для того чтобы быть хорошим журналистом нужно ценить и любить свое дело. Это, пожалуй, главное, чем должен владеть журналист.

**Аружан ЕРГАЛИЕВА,**  
**Дильназ ТАБАРАКОВА,**  
студентки 2-го курса  
журналистики  
Атырауского университета  
им. Х.Досмухамедова



# Психология тарихында өз орны бар тұлға

**Бодандық дәуірде қазақ психологиясында докторлық дәрежеге жеткен психолог ғалымдар саусақпен санарлықтай. Соның бірі – психология ғылымының докторы, профессор Бахи Хамзин (1938-2021).**

психологияны жұртшылыққа мойындата білді. Қазақстанның психология саласындағы алғашқы доктор ғалымдары М.Мұқанов пен Б.Хамзин Грузияның ғылыми мекемелерімен тығыз байланыс орнатты.

Б.Хамзин тарихи тұрғыда Қазақстанда педагогикалық психология саласында тұңғыш докторлық диссертация қорғаған адам. Ол 1985 жылы 2 қазанда Тбилисиде Грузин ССР ҒА жанындағы ДУзнадзе атындағы Психология институтында арнайы кеңесте «Оқушыларда конструктивтік-техникалық іс-әрекеттің қалыптасу процесіндегі операциялық және тұлғалық компоненттерінің өзара әсері» атты тақырыпта диссертация қорғайды. Ресми оппоненттер: КСРО ПҒА корреспондент-мүшесі, психология ғылымының докторы, профессор В.Шадриков; психология ғылымының докторы, профессор М.Давлетшин; психология ғылымының докторы, профессор Ш.Амонашвили сияқты атақты ғалымдар еді. Зерттеу жұмысы кәсіби даярлаудың маңызды формасы болып саналатын конструктивтік-техникалық іс-әрекеттің компоненттері – операциялық, сондай-ақ тұлғалықтың өзара әсері проблемасына арналады.

Б.Хамзин осы зерттеуге байланысты жиырма жұмыс жариялаған екен. Орайы келгенде кейбіреуін атап өтейік: «Оқушы жастардың еңбек тәрбиесі» (1977), «Тұлғаның конструктивтік-техникалық іс-әрекеті жағынан зерттеу» // «Педагогика және



психология» жинағы, 8-шығ. (1975), «Конструктивтік-техникалық іс-әрекет психологиясы» // «Қазақстан оқушы жастарын коммунистік тәрбиелеу» жинағы (1978), «Конструктивтік-техникалық іс-әрекеттің тұлғаның кәсіптік мәнді қасиеттерін қалыптастыруға әсері» // «Жастарды коммунистік тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық проблемалары» жинағы (1978), «Қазіргі психологияның көкейкесті проблемалары» (1981), «Педагогикалық білімдерді насихаттауды – жаңа міндеттер деңгейіне» (1982) және т.б.

Қазақстанның психология тарихында еске алуға лайықты бірқатар отандық психологтердің есімдері тасада қалуда. Олардың қатарына марқұм Б.Хамзинді жатқызуға болады. Ол – республикамыздағы спорттық

іс-әрекеттің әртүрлі психологиялық мәселелерін алғашқы зерттеушілердің бірі. Спортшылардың жарыстарға психологиялық дайындығын және биіктікке секірушілердің ерік-жігерінің сипаттамаларын белсенді зерттеді.

Б.Хамзин 1963 жылы Киев қаласында өткен психологтердің III Бүкілодақтық съезіне қатысады. Онда ол КСРО-ның жетекші психологтері Г.Костюк, Б.Ананьев, А.Леонтьев және т.б. танысады. Сол жылы В.И.Ленин атындағы МГПИ-ге аспирантураға түседі. 1966 жылы С.Балаубаев пен профессор Н.Добрыниннің бірлескен жетекшілігімен «Еңбекке баулу процесінде VI-VII сынып оқушыларының бастамашылығын қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды. Еңбекте бастамашылықтың тұлғаның тұрақты қасиетіне айналу мүмкіндігі талданады.

Б.Хамзин ғылыми-педагогикалық қызметін 1961 жылы Қарағанды пединститутының Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы болып бастайды. 1966-71 жылдары осы кафедрада аға оқытушы, 1971-72 жылдары доцент қызметін атқарған. Ғалым еліміздің түрлі жоғары оқу орындарында жұмыс істеді. Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтынан бастап, Қазақ дене шынықтыру институтының Психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, Қарағанды педагогикалық дене тәрбиесі институтының ректоры және т.б.

лауазымдық қызметтер атқарды.

Профессор Б.Хамзин 1992 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінің (26.05.92ж.) шешімімен тұңғыш құрылған Этнопсихология және этнопедагогика кафедрасының меңгерушісі болды. Бұл кафедра ҚазҰУ-да 1992-95 жылдар аралығында жұмыс істеді. Өкінішке қарай, бұл кафедраның ғұмыры баянды болмады. Тарихи-психологиялық зерттеу жұмыстарында ғылыми саладағы жеке ғалымдар мен микроотпар арасындағы қатынастарды арнайы зерттеу қажет. Өткен тарихтан сабақ алғанымыз абзал. Еліміздегі психология ғылымының институционализациясы мәселесі әлі күнге дейін өзекті болып отыр.

Ғылымды институционализациялау ғылыми білім жүйесінің дамуы мен қалыптасуы, оны әлеуметтік институтқа айналдырудың негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтарын көрсетеді. Ғылымның әртүрлі ұйымдастырушылық формалары болуы, оның ішкі саралануы мен мамандануын құру арқасында ғылым қоғамдағы өз функцияларын толыққанды орындайды. Отар болған кезеңде дамуы кенже қалған еліміздің психология ғылымының егемен мемлекет тарапынан қолдау табуы өте маңызды.

**Жарас СЕЙІТНҮР,  
Майра КАБАКОВА,**

*Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының оқытушылары*

# Үндістанда сақталған мұсылман қолжазбалары

**Үндістан жеріне парсы тілі арқылы Иран мәдениетінің тарауы шығыстанушылар, әсіресе ирантанушы мамандардың тарапынан әрқашан қызығушылық тудырған тақырыптардың бірі. Осы орайда, отандық ирантанушылардың да соңғы жылдары тынымсыз зерттеу жүргізіп жүрген тақырыптарының бірі – Үндістан еліндегі қолжазба қорларда сақталған мұсылман қолжазбалары.**

ты Маулана Азад кітапханасының қолжазба қорындағы парсы тіліндегі қолжазбалармен жұмыс жасалды. Жалпы, Алигарх мұсылман университеті Үндістанда 1875 жылы негізі қаланған ең тұңғыш мұсылмандар үшін ашылған университет. Бүгінде бұл университет Үндістандағы рейтинг жағынан үшінші орынды иеленеді. Алигарх мұсылман университетінің негізін қалаған жеті қырлы, бір сырлы ғалым, теолог, адвокат Сеййед Ахмад-хан (1817-1898). Араб, парсы, урду және бірқатар тілдерді жақсы білген Сеййед Ахмад-хан жеке кітапханасындағы қолжазбалар мен кітаптарды өзі негізін қалаған университетке сыйға берген. Маулана Азад кітапханасының негізі 1877 жылы қаланған және тек Үндістан ғана емес, әлемдегі үлкен кітапханалардың бірі саналады. Бұл кітапхананың қолжазба қорында 16 000-нан астам қолжазбалар мен 20 000-нан астам сирек кездесетін кітаптар сақталған. Қолжазбалардың негізгі бөлігі араб және парсы тілдерінде. Сонымен қатар санскрит, урду тілдерінде де көптеген құнды қолжазбаларды кездестіруге болады. Кітапхананың жанында қолжазба музейі бар.

Үндістанға ғылыми ыссапар барысында Алигархтағы Маулана Азад кітапханасының қолжазба қорында Алтын Орда тарихына қатысты бірқатар парсы тіліндегі қолжазбалар анықталып, олардың көшірмелері дайындалды.



Сонымен қатар Алигарх мұсылман университеті Парсы зерттеулері институтының (Institute of Persian research) ғалымдарымен қолжазбатану саласы бойынша тәжірибе алмастық. 2007 жылы құрылған бұл институттың директоры – профессор М.Осман Ғани. Парсы зерттеулері институтының негізін қалаушы және бұрынғы директоры, профессор Азармдхут Сафави ханымның айтуынша, бұл орталықтың басты мақсаты – парсы тіліндегі қолжазбаларды зерттеу, мәгіндерін жарыққа шығару. Жылына ондаған парсы қолжазбаларын зерттеп, ғылыми түсініктерімен бірге жарыққа шығаратын бұл институт мамандарының тәжірибесі мол. Бір күнде 30-50 бетке



дейін қолжазба мәтінді оқып, қайта көшіруге машықтанған мамандары бар бұл институттың болашаққа құрған жоспары көп. Соның бірі – Орталық Азия елдері мамандарымен бірлесіп жұмыс істеу. Аталған институттың мамандарымен тәжірибе алмасу ыссапар барысында өте пайдалы болғанын ерекше атап өту қажет. Бұдан басқа, Дели қаласындағы «Нұр» микрофильм қолжазбалар орталығында жұмыс жасау мүмкіндігіне ие болдық. Бұл орталықта 30 000-нан астам Үндістанның түрлі кітапхана қорларында сақталған қолжазбалардың микрофильмдері сақталған. Микрофильмдерді сақтау мен оның цифрлық нұсқасын дайындау және қолжазбаларды

реставрациялау жұмыстарымен айналысатын бұл орталықтың мамандарымен де пікір алмасу алаңы уақыттағы ғылыми жұмыстарға үлкен әсерін тигізеді анық.

Жалпы алғанда, Үндістан қолжазба қорларына жасалған онкүндік ыссапар сәтті өтті. Бұл сапарда қол жеткізген нәтижелер мен алған тәжірибе сөзсіз құнды. Өйткені отандық шығыстану ғылымына пайдасын тигізетініне еш күмәніміз жоқ.

**Ғалия ҚАМБАРБЕКОВА,**  
*шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.*



# Оқырман жүрегіне жол тапқан ақын

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы «Қазақ университеті» баспа үйінің бас редакторы, белгілі ақын, журналист, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері Кәдірбек Құныпияұлының 60 жасқа толуына орай, туған жері Кеген ауданында шығармашылық кеш өтті.



Шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Кеген ауданының әкімі Талғат Байеділов, «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, жазушы Нұрғали Ораз және қаламгерлер мен өнер қайраткерлері қатысты.

Шығармашылық кеште сөз алған ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев ақын Кәдірбек Құныпияұлының асқаралы 60 жасымен құттықтап, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатын және ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің құттықтау хатын табыстады.

«Кәдірбек Құныпияұлы Қазақстанның мәдениеті мен руханиятын дамытуда субелі үлес қосып келе жатқан қайраткер ақын. Бүтінде баспа саласында ғалымдардың, ақын-жазушылардың құнды туындыларын өз оқырмандарына жеткізуде аянбай еңбек етуде», – деді Мәлік Нуржанұлы.

Кеген ауданының әкімі Талғат Байеділов ақынды Алматы облысының әкімі Марат

Сұлтанғазиевтің атынан Құрмет грамотасымен марапаттады. Сондай-ақ аудандық мәслихат шешімімен Кәдірбек Құныпияұлына «Кеген ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті атынан «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, көрнекті қаламгер Нұрғали Ораз, Ақпарат және коммуникациялар департаменті директорының орынбасары Алматы Исәділ сөз сөйлеп, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың құттықтау хатын табыстады.

«Сізді Алаш жұрты ақындық таланты ерте танылып-мойындалған, бүгінгі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ұлттық журналистика майталманы ретінде жақсы біледі. Сіздің қаламыңыздан туған «Қарқара, қайда барасың?», «Сарыала қаз – сағыныш», «Алтын семсер»,

«Найзақара» жыр жинақтарыңыз оқырман жүрегіне жетіп, жоғары бағасын алды. Талантты қаламгер, тәжірибелі редактор ретінде аудандық, облыстық, республикалық баслымдарда жауапты қызметтер атқарып, өткір мақалаларыңызда қоғамдағы өзекті мәселелерді көтердіңіз. Мерейлі жасыңызда сізге мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбасыңызға бақыт-береке, шығармашылығыңызға шабыт тілеймін!» – делінген құттықтау хатта.

Сонымен қатар мерекелік кеште Кәдірбек Құныпияұлының «Найзақара» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Шара барысында ақын қаламынан туған «Қарқара, қайда барасың?» поэмасы мен өлеңдері оқылып, кеш соңы концерттік бағдарламамен жалғасты.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

## Ғұламалар ғұмырнамасы баяндалған кітап

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде хадистанушы, PhD докторы, аға оқытушы Азамат Жамашевтың «Сайын даланың саңлақ ғұламалары» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.



Еңбекте қазақ даласында орналасқан ортағасырлық қалалардың жағдайы, қала тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі, діни жағдайы мен тұлғалары жайлы жан-жақты баяндалады.

Салтанатты рәсімді ашқан философия және саясаттану факультетінің деканы Бекжан Мейірбаев кітаптың ерекшелігі мен жаңашылдығына тоқталды.

«Зерттеу барысында қазақ,

орыс, араб, түрік, ағылшын тілдерінде жазылған қазіргі діни айналымда болмаған дереккөздер қаралған және XX ғасырға дейін өмір сүрген 437 тұлғаның

ғұмырнамасы баяндалған. Бұл қазақстандық ғылымға қосылған субелі үлес деп ойлаймыз», – деді факультет басшысы.

**ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ!**

**«QAZAQ UNIVERSITETI»**

**ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ**

Газетке жазылу индексі: **64787**

- Бұдан былай газетіміз республика көлемінде таратылады. Енді газетке шыққан әрбір мақала, сұхбат, ғылыми жаңалықтар мен білім саласындағы тың ақпаратпен еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқырмандар да таныса алады.
- Ендеше мүмкіндіктен құр қалмаңыз. Сіз де біздің газетке жазылып, өз мақалаңызды ұсына аласыз. Сонымен қатар газетке оқытушылар мен студенттер де материалдарын жариялай алады.

**«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:**

	Аудан/ауыл	Қала
<b>6 айға</b>	<b>1251,42 теңге</b>	<b>1363,14 теңге</b>
<b>12 айға</b>	<b>2502,84 теңге</b>	<b>2726,28 теңге</b>

### Біздің оқырман



**Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ,**  
ҚР ҰҒА Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры,  
профессор, т.ғ.д.

Суретті түсірген – Досжан Балабекұлы

#### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ

**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Кәмила ДҮЙСЕН,  
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

#### МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҮРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: **64787**

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.